

«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі» КММ бойынша

Қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ № 4

Ақтөбе қаласы

25.12.2024 жыл.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры А. Кисикова, мұғалімдер, әлеуметтік педагог, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі, оқушылар комитеті, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. 2024 жылдағы мектептің материалдық жағдайын нығайтуға арналған қаржының жұмсалуды, мектеп жұмысы туралы

Мектеп директоры А. Кисикова

2. 2024-25 оқу жылындағы оқушылардың әлеуметтік жағдайы және құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстардың барысы

Мектеп директоры А. Кисикова

3. 2024-2025 оқу жылдағы Лесное елді мекенінен тасымалданатын оқушылар және автобус мәселелері туралы

Мектеп-лицей директоры А. Кисикова

Қамқоршылық кеңестің төрағасы А. Жолмаханова кеңестің мүшелеріне күн тәртібімен таныстырды. Дәлелді себеппен қатыспаған мүшелер туралы ескертті.

Тыңдалды:

1. **Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Кисикова:** - Мектепте жыл басында бөлінген қаражатты қажеттілікке қарай жұмсап келдік. Барлық алынған заттар, жұмыстар мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес алынды, жұмыстар жасалды.

Физика, биология, география, қазақ тілі, логопед, ұлдар технологиясы кабинеттері, гимнастика залы ағымдығы жөндеуден өтті, 5 кабинетке линолеум жайылды. Класс кабинеттеріне кондиционер қойылды. 304, 305, 306, 307, 313 кабинеттерінің парта беттері ауыстырылды. Бастауыш класс оқушыларына киім ілетін шкафтар жасаттық. Асханаға стол, отырғыштар алдық. Акт залға лэд экран орнатылды. Физика кабинетін жаңадан сатып алдық. Оқушыларға арнап үзіліс кезінде шахмат столдары жасалынды. 5 кабинетке парта жаңартылды. Мұғалімдер үшін 15 кресло алынды. Кітапханаға, психолог бөлмесіне дивандар атынды. Кабинеттердегі, дәліздері желдеткіштер жопделді. Жыту жүйесінің ескеруіне байланысты сантехник-слесарь сұранысымен қажет заттар алынды, бірнеше кабинеттердің жыту жүйесі жаңартылды. Қазіргі таңда мектеп қоршауы жартылай жоқ. Осы мәселені көтеріп келеміз. Күрделі жөндеу болғанның кейін қаражатты күтеміз.

414 ерекшелік бойынша (таблица №1-5).

149 ерекшелік бойынша (таблица №6-10).

159 ерекшелік бойынша (таблица №11-15).

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Кисикова: - Мектеп бойынша 1075 оқушы бар. Анасы жоқ 13 бала, әкесі жоқ 42 бала бар. Оғей анамен 2 бала, Көп баталы отбасы 283, толық емес отбасылар 1157, аз қамтылған отбасы 24, 1 потрапат бар. Мүгедек оқушы 14. Аз қамтылған оқушыларға үнемі көл ұшын беріп келеміз. Мектеп әкімшілігінің, класс жетекшілердің басты назарында. Құқықбұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстар жоспар бойынша жүргізіліп келеді. Мектеп бойынша ІІБ есепте тұрған 1 оқушы бар. Ол оқушының құжаты 2024 жылдың 17 – қазан күні Ақтөбе қаласы әкімдігі жапындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға (КЗПМ) тіншырылып, 14 – қараша күні комиссия отырысында қаралып, комиссия қорытындысы бойынша оқушы Темірбулат Адижанға сабаққа келіп жүруіне уақыт берілді. Оқушылар себепсіз сабақтан қалмайды. Мектепке бекітілген жасөспірімдер ісі бойынша инспекторлармен кездесулер болып тұрады. «Бала құқығы – қоғам келешегі» тақырыбында әкелер мен ұлдар жиналысы өткізілді. Мектеп пен ата – ана арасындағы байланысты күшейту мақсатында ата – аналар кезекшілігі жүйелі түрде өткізіліп отырады. «Әкем және мен» тақырыбында әкесі мен баласы катысқап байқау өткізілді. «Баланың жөбірлеуінің (буллингі) алдын-алу және болдырмау» тақырыбында №6 қалалық емханасының жалпы тәжірибелік дәрігерлерімен кездесулер ұйымдастырылды. «Вейп және электронды темекінің зияны» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» және «Заң және Тәртіп» айлық акциялары барысында көптеген іс – шаршар өткізілді. «Құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау» мақсатында мектеп ер мұғалімдері полиция инспекторларымен бірге «Түнгі рейд» шаралары ұйымдастырылды.

Осы оқу жылында да мектепте ата -апалардың кезекшілігі ұйымдастырылуы жалғасын тауып келеді. Кезекші ата-апа мектептің асханасында, мектеп дәретханаларында, дәліздерде, вахтада кезекшілік іткірады. Кезекшілік соңында кезекші дәптеріне хабарлама толтырады.

Мектеп дәліздерінде және есіктерде балаға қауіп төнсе, біреу режітсе, ұрып -соқса көмек қолып созатын Ақтөбе қаласының прокуратурасының, Аманат партиясының, балалар құқығын қорғау орталығының QR коды бар хабарламалар ілулі тұр. Ақтөбе облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкілдің байланыс номерлері де бар.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Кисикова: - Лесное елді мекенінен қатынап оқитын оқушыларды тасымалдау 2024-2025 оқу жылы бойынша жалғастырылады. Мектепте 20 орындық автобус бар. Мектеп автобусы оқушыларды апарып-әкелу барысында күніне 7 рет рейс жасайды. Кей уақыттарда оталмай немесе жүріп келе жатқанда соңып қалған уақыттары болды. Дәр кезінде жауапты мамандарға және қалалық білім бөліміне хабарлап отырамыз. Автобустар дизельмен жүреді. Мемлекеттік сатып алу кезінде де қиыншылықтар кездесіп отырады. Бірақ автобусы дөделсіз тоқтатқан жоқпыз.

Қазіргі уақытта 1 жүргізуші жұмыс жасайды. Автобус жүргізушісі: Бактыбай М.Г. Екінші жүргізушіге хабарландыруды тамыз айының басынан Еңбек КЗ және мектептің әлеуметтік желісіне беріп келеміз. Жүргізушінің айлығы аз болуына байланысты ешкім жұмыс жасағысы келмейді.

Биылғы оқу жылында 187 оқушы қатынап оқиды. Қатынап оқитын оқушылардың жол бойындағы қауіпсіздігіне жауап беретіп 5 тәрбиеші жұмыс жасайды. Олар:

1. Есенова Лаура
2. Жолбаева Венера
3. Унгарбаева Газиза
4. Тлеубергенов Арслан
5. Ондасынов Азамат

Оқушыларды тасымалдау оқу жылының басында тексеріліп бекітілген жол сызбасы арқылы жүргізіледі. Ол сызда белгіленіп берілген аялдамалар бар. Сол аялдамалар арқылы оқушыларды апарып-әкеледі.

Аялдамалар:

1. Қызыл үй
2. Автобазары
3. Бесінші
4. Қызыл баған
5. Домбыра
6. Лесное елді мекені
7. Лесное бау-бақша ұжымы.

Автобус жаңа әрі таза. Күн ыстық болса, кондиционерді іске қосамыз. Ал қыс айларында автобустың іші жылы болады. Оқушылардың мектепке келіп білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Тасымалдың жағдайы туралы оқушылардан қараша айында сауатнама алынды. Тағы да бір автобус қажеттілігін қалатық білім бөліміне айтып келеміз.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А. Рабаев: - Қаражаттың орынды жұмсалғанына көзіміз жетіп отыр. Бүгінгі жиылыстағы қаралған мәселелерге толық жауап ала алдық. Мектептің оң өзгеріске ұшырағанын өз көзімізбен көріп отырмыз. Оқушыларға барлық жағдай жасалып жатыр. Жағдайы нашар кабинеттер жарқырап тұр. Бұрын сияқын болған кабинеттер де жылы екенін көруге болады. Дарынды оқушыларымыз да көбейіп келеді. Балаларымызға барлық жағдай жасалып келеді. Құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты жұмыстар көп өткізілсін. Өз таврапымыздан демеушілік көрсетуге даярмыз.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Г. Аленова: - Бүгін мектептің кабинеттерін аралап шықтық. Былтырғымен салыстырғанда үлкен өзгеріс. Балаларға жасалып жатқан жұмыстарға көзімізді жеткіздік. Ұлдардың технология кабинеті дәл осындай болады деп ойламадық. Ол кабинеттің жағдайы өте нашар еді. Салқын болды. Кабинет жабық тұратын еді. Қазір жарқырап тұр. Жаңадан келген жиһаздар да талғаммен алынған. Физика, биология кабинеттері туралы балаларымыз да айтып, қуанып жүр. Мектеп жұмысына қанағаттанарлық деген баға беремін. 2025 жылдың жұмыстарына бірінші кезекте мектеп қоршауын көтеруіміз керек. Мектептің инстаграмынан барлық жаңалықты, бәрін көріп қуанып отырамыз.

II-класс оқушысы Ералы: - Мектебімізде он өзгерістер көп. Мектепке қуанып келеміз. Мектебіміздің лицей атауының өзі де үлкен жаңалық. Мектептің базасы жаңарып келеді. Білім алуға барлық жағдай жасалып жатыр. Туалеттерде қағаз, сабын үздіксіз болады. Оқу кабинеттеріміз де таза. Парталарымыз жаңартылды. Жаңа тақта ілінді. Денсаулықтыру сабағында құрал жабдықтарымыз да жеткілікті. Алдағы жазда спорт алаңы жөнделетініне қуанып жатырмыз.

Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Г. Абдрахманова, Ш. Ахметжанов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Батырғалиев.

Қаулы:

1. 2024 жылындағы мектептің материалдық жағдайын нығайтуға арналған қаражаттың жұмсалуы қанағаттанарлық деңгейде танылсын.
- 1.1. Мектеп ауласының қоршауы мәселесі бойынша жұмыстар жанданырылсын.

2. 2024-25 оқу жылындағы оқушылардың әлеуметтік жағдайы назардан тыс қалмай, оқушыларға көмек көрсету шаралары жандандырыла берсін;
- 2.1. «Қайыпдырылық» акциялары мектепте ұйымдастырылсын. Акцияға мектеп ұстаздары, ата-аналары, тұлелтер, қамқоршылық кеңес мүшелері белсенділік танытсын;
- 2.2. Құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстарға ата-аналар тартылсын.
3. 2024-2025 оқу жылындағы Лесное елді мекенінен тасымалданатын оқушылар мәселелері оң шешімін тауып отырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы




А. Жолмаханова

Хатшы:





С. Елеусенова


Курманова А. А. 

Ақбаева А. Б. 

Алиева Т. У. 

Чаймалова Д. М. 

Жандарбекова Р. Р. 

Болтаева А. 

Жоктамунов А. К. 

Сырова Ч. Б. 